

**Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 372 "2020-2022 жылдарға арналған Қараой ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 1 шілдедегі № 414 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 шілдеде № 7286 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 372 "2020–2022 жылдарға арналған Қараой ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6660 тіркелген, 2020 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "18 630,5" сандары "20 200,5" сандарымен ауыстырылсын,

оның ішінде:

трансферттер түсімі – "17 373" сандары "18 943" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "18 630,5" сандары "20 200,5" сандарымен ауыстырылсын;

3 тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы "2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 7 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Жарлығының 8 тармағына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ойыл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ойыл аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы

*Б. Коздигарин*

Ойыл аудандық  
мәслихатының хатшысы

*Е. Жиеналин*

Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 1  
шілдедегі № 414 шешіміне қосымша  
Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6  
қаңтардағы № 372 шешіміне 1 қосымша

## 2020 жылға арналған Қараой ауылдық округ бюджеті

санаты			сомасы (мың теңге)
	сыныбы		
	кіші сыныбы		
		Атауы	
		1. Кірістер	20200,5
1		Салықтық түсімдер	1078
	01	Табыссалығы	15
		2 Жеке табыссалығы	15
	04	Меншіккесалынатын салықтар	1063
		1 Мүліккесалынатын салықтар	8
		3 Жерсалығы	48
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	1007
2		Салықтық емес түсімдер	179,5
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	80
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	80
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	99,5

	1	Басқа да салықтыкеместүсімдер	99,5
4		Трансферттердіңтүсімдері	18943
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	18943
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	18943

Функционалдық топ			Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
		Атауы	
		II. Шығындар	20200,5
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15353,5
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	15353,5
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15353,5
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15353,5
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4847
	3	Елді-мекендерді көркейту	4847
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4847
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1170
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	200
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3477
15		Трансферттер	0
	1	Трансферттер	0
	124	Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитінпайдалану)	0